

**Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу  
құқығындағы «№3 қалалық аурухана» мемлекеттік комуналдық  
кәсіпорыны**

**ХАТТАМА №4**

Шымкент қаласы

«15» қантар 2024 жыл

**Күн тәртібінде:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау.

**Төраға:** ШЖҚ «№3 қалалық аурухана»МКК комплаенс-офицері  
М.Ж.Есполов

**Хатшы:** мамандар бөлімінің бастығы Ш.Мамашарипова

**Қатысқандар:** Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу құқығындағы «№3 қалалық аурухана» мемлекеттік комуналдық кәсіпорыны (әрі қарай - Кәсіпорын) бас дәрігер С.М. Пернебеков, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары О.Р.Тойчибаев, Кәсіпорынның бас есепшісі Г.Ергешов, мамандар бөлімінің бастығы Ш.Мамашарипова Кәсіпорынның бөлімше менгерушілері, бас медбике, аға медбикелер.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған Кәсіпорынның комплаенс-офицері М.Есполов өз сөзінде төмендегі мәселелерге тоқталып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі нормаларын атап көрсетті:

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік белгіленген. Сыбайлас жемқорлық өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табуда. Осы орайда, мемлекеттік органдардың, мемлекеттің ұйымдардың және мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдардың басшыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді іс-әрекет жасау жауаптылығы белгіленген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (361-бап), коммерциялық сатып алу (253-бап), билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (362-бап), пара алу (366-бап), қылмыстық жалғандық жасау (369-бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Сондай-ақ, елімізде сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданғанын түсіндіріп отті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер өр салада жүзеге асырылуда. Әсірсесе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет туралы айтылды. Сондай-ақ, кәсіби қызметтің және қызметтеннен тыс кезде Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің Этика кодексінің нормаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдылықты, процессуалдық емес байланыстарды болдырмауды және өкілеттіктерін асыра пайдалануға жол бермеуді қатаң сақтау керектігіне назар аударды.

Сыбайлас жемқорлықты алдын-алу және жолын кесу, жемқорлыққа қарсы қандай да бір фактілерді болдырмау мақсатында, ішкі тәртіп режимін күшешту және Кәсіпорында ем қабылдан жатқан науқастар мен оларға келушілермен қызмет этикасын сақтай отырып, заң аясында мәдениетті пікір алмасып, түсіндіру жұмыстарын жандандыру қажет екендігін атап өтті.

Төраға:

М.Ж.Есполов

Хатшы:

Ш.Т.Мамашарипова